

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ года

№ \_\_\_\_\_

2017 жылғы 22 ақпанда жария етілді

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің орынбасары -  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А.И. Мырзахметовке**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Асқар Исабекұлы!

Сізге депутаттық сауал жолдауымызға еліміздің аңшылық шаруашылықтары мен аңшыларының көктемгі аң аулау мәселесі бойынша бірнеше мәрте арыздануы себеп болып отыр.

2016 жылғы 24 қарашада ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қ.Үстеміров «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктерін және дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 265 Бұйрыққа қол қойған (Бұйрық ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 14548 болып тіркелді).

16 ақпан – 14 маусым аралығындағы кезеңде аң аулауға тыйым салатын осы бұйрықтың шығуы еліміздегі 700-ден астам аңшылық шаруашылықтар иелерінің, сондай-ақ республикамыздағы 160 мыңнан астам аңшыларды біріктіретін аңшылық қоғамдар мүшелерінің алаңдаушылығын туғызуда. Сонымен бірге, біздің жергілікті туристік фирмалармен және аңшылық шаруашылықтармен он жыл уақыттан астам тығыз қарым-қатынастағы «DHD-voyages», «Селоданг» (Франция), «Россия Турс» (Германия),

«Арарайзен» (Голландия) және басқа да шетелдік туристік фирмалар да алаңдаушылық білдіріп отыр.

Шет елдердің көптеген аңшылары суда жүзетін құстарға көктемгі аңшылықты қалайтынын атап өту қажет. Мысалы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында аңшылық турлар алдын ала жоспарланып, шетелдіктер қатысатын ұзақ мерзімді келісімшарттар жасалып қойған. Соның нәтижесінде клиенттер саны артып, бюджетке түсетін түсімдер ұлғайған. Жоғарыда аталған бұйрық күшіне енгеннен кейін жоспарланған турлар орындалмауда, соның салдарынан аңшылық шаруашылықтарға қомақты қаржылық шығын келтіріліп отыр. Өйткені, мұндай қаржыға егерлік қызметтерді ұстау, жануарлар дүниесін қорғау, техниканы және аңшылық шаруашылықтардың басқа да қажеттіліктерін сатып алу көзделген болатын.

Осылайша, көктемгі аң аулауға тыйым салу елімізде аңшылық шаруашылықтары мен туризмді дамытуға және туризм саласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен және алыс шет елдермен ынтымақтастықты жандандыра түсуге кедергі келтіруде, сондай-ақ еліміздің туристік тартымдылығын жоққа шығаруда.

Жоғарыда аталған бұйрықтың шығуына ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Зоология институтымен бірлесіп Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін сақтау қауымдастығы (ҚБӨҚ) дайындаған 2016 жылғы 26 қыркүйектегі биологиялық негіздеме себеп болған.

Бұл құжаттың негізділігі аңшылық шаруашылықтарының заңды күмәнін туғызып отыр. Мәселен, осы құжатта зерттеулерді нақты кімнің және қай кезеңде жүргізгені жайлы, есепке алумен қамтылған аумақтар мен алқаптар және жануарлар түрлері бойынша есептеулер туралы, сондай-ақ ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларына сәйкес олардың санының динамикасы, оларды есепке алу тәсілдері мен жинау әдістемесі туралы аса маңызды мәліметтер жоқ.

Осыған байланысты, бұл бұйрық заңды тұрғыдан жөнсіз, биологиялық жағынан да, экологиялық жағынан да және бірқатар басқа өлшемдер бойынша да негізсіз болып табылады деп есептейміз.

Мәселен, біріншіден, онда еліміздің аумағында көктемгі аң аулауды жүргізуден суда жүзетін құстар популяциясының азайғандығын дәлелдейтін анық әрі ғылыми тұрғыдан негізделген деректер жоқ;

Екіншіден, «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкестөмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс. Яғни, нормативтік құқықтық актілер иерархиясына сәйкес министрдің бұйрығының заңдық күші төмен тұрған құрылымдық бөлімшелердің лауазымды адамдарының бұйрықтарынан жоғары болады.

Мәселен, қазіргі кезде ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының «Аң аулау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы №11091 бұйрығы қолданылуда және онда жануарлар мен суда жүзетін құстардың түрлері, көктемгі және күзгі кезеңдерде оларды аулау мерзімдері жазылған. Бұл бұйрық ҚР Білім және ғылым министрімен, ҚР Ішкі істер министрімен келісілген және оның күші әлі жойылмаған.

Құрметті Асқар Исабекұлы, жоғарыда айтылғандардың негізінде, бүгінгі таңда Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті атынан мемлекеттік органдар мен еліміздің мындаған аңшылары және шетелдік қонақтарымыз арасында осы мәселе бойынша келіспеушіліктер туындап отырғанын жеткізуге мәжбүр болып отырмыз.

Осыған байланысты, Сізден 2016 жылғы 24 қарашада ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қ.Үстеміров қол қойған, «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктерін және дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №265 бұйрықтың қабылдануының құқыққасай болуын және негізділігін қарауды сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес, жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**Депутаттар**

**Ю. Тимошенко**

**Р. Ким**

**Б.Ертаев**

**Қ.Ержан**

**Ш.Хахазов**

**Н. Жұмаділдаева**

**М.Чирков**

Исп.: Топаркулова Д.М.

Тел. 74 64 34

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламенті

«\_\_»\_\_\_\_\_201\_года

№ \_\_\_\_\_

Оглашен 22 февраля 2017 года

**Заместителю Премьер-министра -  
Министру сельского хозяйства  
Республики Казахстан  
Мырзахметову А.И.**

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Аскар Исабекович!**

Поводом депутатского запроса к Вам послужили неоднократные обращения охотничьих хозяйств и охотников страны по вопросу весенней охоты.

24 ноября 2016 года исполняющим обязанности Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства РК К.Устемировым подписан Приказ №265 «О внесении изменений и дополнений в приказ исполняющего обязанности Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 июля 2015 года №190 «О внесении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира, их частей и дериватов, установлении мест и сроков их пользования» (Приказ зарегистрирован Министерством юстиции РК 21 декабря 2016 года за №14548).

Появление данного приказа, запрещающего охоту в период с 16 февраля по 14 июня встревожило владельцев охотничьих хозяйств, которых в стране более 700, а также членов охотобществ, объединяющих более 160 тысячи охотников республики. Также свою обеспокоенность выражают иностранные турфирмы, такие как «DHD-voyages», «Селоданг» (Франция), «РоссияТурс»

(Германия), «Арарайзен» (Голландия) и другие, более десяти лет тесно сотрудничающие с нашими местными турфирмами и охотхозяйствами.

Необходимо отметить, что многие охотники из зарубежных стран предпочитают именно весеннюю охоту на водоплавающих птиц. Например, в Атырауской, Восточно-Казахстанской, Костанайской областях заранее были запланированы охотничьи туры, заключены долгосрочные контракты в которых участвуют иностранцы. Благодаря этому увеличивается количество клиентов, поступления в бюджет. После вступления в силу данного приказа срываются туры, тем самым охотхозяйства несут большие финансовые потери и убытки, которые могли бы быть потрачены на содержание егерской службы, охрану животного мира, приобретение техники и других нужд охотничьих хозяйств.

Таким образом, запрет весенней охоты прямо препятствует развитию охотничьих хозяйств, туризма в республике, и никоим образом не будет способствовать активизации сотрудничества в туристической отрасли в государствах-участниках СНГ и стран дальнего зарубежья, что также ставит под угрозу туристическую привлекательность нашей страны.

Основанием для издания вышеуказанного приказа послужило биологическое обоснование от 26 сентября 2016 года, подготовленное Ассоциацией сохранения биоразнообразия Казахстана (АСБК) совместно с Институтом зоологии Комитета науки МОН РК.

Обоснованность этого документа вызывает закономерные сомнения охотхозяйств. Так, в данном документе отсутствуют очень важные сведения о том, кем конкретно, и в какой период года проводились исследования, о территории и площади, охваченной учетом и расчеты по видам животных, а также о динамике их численности, способах учета и методике сбора согласно существующим Правилам подготовки биологического обоснования на пользование животным миром, утвержденным Приказом Министра окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан от 4 апреля 2014 года.

В этой связи, считаем данный приказ юридически несостоятельным, не обоснованным ни по биологическим, ни по экологическим, ни по ряду других параметров.

Так, во-первых, в нем отсутствуют достоверные, научно-обоснованные данные, доказывающие снижение популяции водоплавающих птиц именно из-за проведения весенней охоты на территории нашей республики;

Во-вторых, согласно п.3 статьи 10 Закона РК «О правовых актах» каждый из нормативных правовых актов нижестоящего уровня не должен противоречить нормативным правовым актам вышестоящих уровней.

То есть, согласно иерархии нормативных правовых актов приказы министра имеют высшую юридическую силу, чем приказы должностных лиц, нижестоящих структурных подразделений.

Так, в настоящее время действует Приказ и.о. Министра сельского хозяйства РК от 27 февраля 2015 года №11091 «Об утверждении Правил

охоты», где расписаны виды животных и водоплавающих птиц, сроки охоты на них в весенние и осенние периоды. Данный приказ согласован с Министром образования и науки РК, Министром внутренних дел РК, и пока еще не отменен.

Уважаемый Аскар Исабекович, исходя из вышеизложенного, вынуждены констатировать, что на сегодняшний день возникло разногласие по данному вопросу между государственными органами, в лице Комитета лесного хозяйства и животного мира и многотысячной армией охотников и охотпользователей нашей страны и нашими зарубежными гостями.

В связи с этим, просим Вас, рассмотреть провозмерность и обоснованность принятия Приказа № 265 от 24 ноября 2016 года, подписанный исполняющим обязанности Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства РК К.Устемировым, «О внесении изменений и дополнений в приказ исполняющего обязанности Председателя Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 июля 2015 года № 190 «О внесении ограничений и запретов на пользование объектами животного мира, их частей и дериватов, установлении мест и сроков их пользования».

Ответ просим дать в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» письменно в установленный законодательством срок.

**С уважением,**

**Депутаты**

**Ю. Тимощенко**

**Р. Ким**

**Б.Ертаев**

**К.Ержан**

**Ш.Хахазов**

**Н. Жумадильдаева**

**М.Чирков**

Исп.: Топаркулова Д.М.  
Тел. 74 64 34